



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 8D02314 -Лингвистика қ/б

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Ғылыми, қолданбалы және білім беру саласындағы кәсіби, коммуникативті құзыреттілікке ие, ғылыми ұйымдардағы мамандар сапасына қойылатын жоғары талаптарын қанағаттандыратын, лингвистикалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын қалыптастыра білетін кәсіби лингвистерді даярлау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

- гуманитарлық саладағы лингвистика, лингвистикалық технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі;
- тәжірибелік зерттеулер;
- әртүрлі ғылыми мекемелерде мамандандырылған пәндер бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізу;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;
- лингвистика және филология бойынша жоғары білім саласындағы оқытушылық қызмет;

БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 – лингвистикалық зерттеудің әдістемесі мен әдістерін ашудың негізгі тәсілдері мен принциптерін *талдап, тұжырымдайды*, ғылыми зерттеулеріне *енгізіп, қолданады*;

ОН 2 – лингвистикадағы жаңа бағыттардың мәселелеріне, прагматикалық бағыттың даму тарихына, медиа лингвистиканың, лингвоаксиология негіздеріне *талдау жасайды*;

ОН 3 – БАҚ-тағы коммуникация тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негізін, баспасөз, телерадио, интернет, әлеуметтік желі тіліндегі коммуникациялық жағдаяттарды зерттеудің теориялық негізін *үйренеді, сыни талдайды, салыстырады, зерделейді*;

ОН 4 – мәтінді семиотикалық талдаудың негіздерін, соның ішінде жарнамалық, визуалдық, ауызша емес нысандарды және т.б. *ажыратады*;

ОН 5 мәтінді талдаудағы әр түрлі құрылымдық, имманентті, интертекстуалды, семиогоникалық;семиотикалық тәсілдердің ерекшеліктерін *талдайды*;

ОН 6 – эксперименттік зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыруда кәсіби мәселелерді шешуде лингвистиканың жүйелік теориялық және практикалық білімдерін *ажырата алады*;

ОН 7 – заңдық және лингвистикалық-құқықтық мазмұндағы материалдарды *талдап, салыстырады*, ғылыми зерттеу жұмысында *қолданады*.

ОН 8 – лингвистиканың басқа ғылымдармен байланысын *сараптайды*;

ОН 9 - ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері үшін шешім *қабылдайды және жауап береді*.